

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 1**

28.08.2024 жыл

Қатысқандар: бақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту
2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын талқылау.

Бөбекжай-бақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекіту.

Жаңа нормативтік – құжаттарымен танысып, талқылау.

Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспарын бекіту.

Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру.

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері А.Султанбекова педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіп, хатшы сайлау керектігі туралы айтып, 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хаттың мазмұнын педагогтармен бірге талқылады. Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспарын педагогтарға таныстырылып, жұмыс барысы да жылдық жоспарға сай жүргізілсін. Топ тәрбиешілері күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарға сәйкес жауапкершілікпен атқарсын. Топтарда жастарына сәйкес ойын түрі іс-әрекетте қолданылсын. Іс-әрекетке сәйкес көрнекіліктер қолданылсын және бастапқы мониторинг өз уақытымен тапсырылсын деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша бөбекжай - бақша педагог-психологы Н.Лакжаева жаңа оқу жылының нормативтік- құжаттарының мазмұнымен қысқаша таныстырып өтті. Бақшада әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру керектігін айтты.

Қаулы етеді:

2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты негізге алып жұмыс жасалсын.

Бөбекжай-бақшаның жұмысының жылдық жоспары бекітілсін.

Жаңа нормативтік – құжаттар негізге алынып жұмыс жасалсын.

Әр топта балаларға жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасы құрылсын.

Меңгерушінің м.а:

Хатшы:



А.Султанбекова

М.Нурбаева